2000 жылы профессор Әбілов Ж.Ә. ҚР ҰҒА делегациясы құрамында Пәкістанның Химия институтында болып, ондағы әріптестерін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ химия факультетінің зерттеу нәтижелерімен таныстырды. Қазақстан мен Пәкістанның дәрілік өсімдіктерін бірге зерттеу жөніндегі ғылыми серіктестік туралы келісім-шарт жасалды. Ол табиғи қосылыстар химиясы саласында ғылыми зерттеулердің жан-жақты дамуына жол ашады. Кафедраның қызметкерлері мен аспиранттары жыл сайын Карачи қаласы Химия институтының зерттеу орталығында тәжірибесін шындайды.

Соңғы жылдары органикалық химия және табиғи қосылыстар химиясы кафедрасында бірқатар құнды биологиялық белсенді табиғи қосылыстарды түрлендіру бағытында зерттеулер жүргізіліп және медицина мен ауыл шаруашылығына арналған жана препараттар жасалуда. Сондай-ақ, нәзік органикалық синтез саласында алифатикалық және гетероциклды қатардың аминдері негізінде тиісті қасиеттерге ие жаңа фармакологиялық белсенді қосылыстардың бағытталған синтезін ғылыми зерттеулер жүргізіліп келеді.

Ж. Ә. Әбіловтың ғылыми қызметі химияның аса өзекті саласы – Қазақстанның өсімдік шикізаттарынан биологиялық белсенді заттарды бөліп алумен тығыз байланысты. Ол қызметкерлерімен «Жантақ» және «Кермек» өсімдіктерінен жаңа отандық препараттар «Алхидин» мен «Лимонидин» алды.

Аталмыш препараттар клиникалық сынақтардан табысты өтіп, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі әр түрлі дәрілік формалар: түйе жантақ және кермек тұндырмалары, алхидин жақпа майы, Биосед-К және санжар, жантақ және лимонидин сироптары түрінде өнеркәсіптік жолмен шығаруға ұсынды. Бұл дәрілік формалар ҚР-да жаңа отандық дәрілік заттар ретінде патенттелді және тіркелді. Бұл препараттарды өндіру «Химфарм» АҚ-ында игерілді.

«Галалти» препараты ҚР ауыл шаруашылығына арналған препараттардың Мемлекеттік реестріне енгізілді. Сонымен бірге, кермек пен очиток шөбінің тамырынан жоғары сапалы каракөл мен қой терісін илегіштер алынды.

Профессор Ж.Ә. Әбілов және профессор Питер Лангер жетекшілігімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Росток (Германия) университетінің және Пәкістанның Карачи қаласындағы НЕУ химия ғылыми-зерттеу институты арасындағы ынтымақтастық шеңберінде катализ және органикалық химия аумағындағы зерттеулерді жүргізу үшін бірлескен зертханалар құрылды. Қазіргі таңда осындай ғылыми жұмыстарымен бірнеше отандық және халықаралық жобаларда жетекшілік етуде.

Жарылқасын Әбдухитұлы бақытты жанұясының отағасы, жұбайы - Мәрия Өмірзаққызы – ғалым-ұстаз, химия факультетінің доценті, екі баланың анасы. Ұлы Асқар мен қызы Жанар да жастайынан білім-ғылымға құштар, талапты болып өсті.

Аса құрметті профессор Жарылқасын Әбдухитұлы Әбілов камқор да талапшыл басшы, ғылымның тұңғыық иірімдерін терең меңгерген ғалым, аяулы аға ретіндегі абзал



қасиеттеріңіз өзіңізбен қанаттас жүрген әріптестеріңіз, ұжымыңыз үшін зор мақтаныш, ал жас ғалымдар үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз. Бүгінгі мерейлі жасыңызға тағы да ұзақ ғұмыр тілей отырып, жеткен жетістіктеріңіздің бәрін – еңбегіңіздің жанғаны, мақсаттарыңыздың орындалғаны деп білеміз. Ел үшін жасап келе жатқан еңбектеріңіз әрдайым елеулі, табысты бола берсін! Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы және технологиясы кафедрасының ұжымы

■ ӨМІР ӨЗЕН

Биыл 17 қыркүйекте қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы-энциклопедист, аудармашы-редактор Ақбай Наурызбай Ерсарыұлының дүниеден өткеніне бір жыл. Соған орай, ардақты қаламгерді еске алу шаралары кеңінен аталып өтуде.

ҚАЗАҚТЫҢ АРДАҚТЫ ҚАЛАМГЕРІ

іскерлігімен, жүктелген тапсырмаларды тыңғылықты орындауымен, кәсіби шеберлігімен көзге түсті.

14 томдық «Қазақ Кенес энциклопедиясын», «Ислам», «Атырау», «Абай» энциклопедияларын шығаруға атсалысып, көптеген ғылыми мақалалар жазды.

1996-2005 жылдар арасында «Атамұра» баспасында жемісті еңбек етіп, орта білім беру мектептерінің 3-7 сыныптарына арналған «Еңбекке баулу», «Информатика», «Араб тілі», «Француз тілі», «Технология» оқулықтарына, сондай-ақ «Атамұра» кітапханасы сериясымен жарық көрген М. Әуезов «Қорғансыздың күні», С. Мұқановтың «Сұлушаш» С. Ерубаетын «Менің құрдастарым», Қ. Аманжоловтың «Дариға, сол қыз», Т. Молдағалиевтің «Шақырады көктем» атты шығармалар жинақтарына және Б. Момышұлының, Қ.Қайсеновтің, М. Байғұтовтың, т.б. әнгімелер топтамаларына редактор болды.

Ақбай Наурызбай студент кезінен көркем аудармамен шұғылданып келді. Ғайрати (өзбек), Т. Либен (африка), И. Хабрук (мысыр), О. Гончар (украин), С.Али (түрік), А. Федоров (саха), И. Тавчар (югослав), В.Санги (нивх), Л. Ленч пен В. Алексеев (орыс), т.б. жазушылардың әнгімелерін қазақ тіліне аударды. Бұл туындылар 1960-1966 жж. «Оңтүстік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде жарияланды. М. Киричевскийдің «Химия мен машина жөндеу» атты кітабын (1974), академик Еренғайып Омаровтың «Қазақ өркениеті» монографиясын (2006) қазақ тілінде сөйлетті. Сонымен қатар ХІ ғасырдағы ақын Жүсіп Баласағұни туралы мақаласы жарияланды («Қазақстан мектебі», 1981, №7). «Кәусар бұлақ» деген атаумен М. Қашқари мен Ж. Баласағұнидің шығармасындағы мақал-мәтелдер, қанатты сөздер қазақ оқырмандарымен табысты («Жұлдыз», 1983,



еңбегінің ең үлкен жетістігі – 2011 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Мұхтар Әуезов» атты энциклопедиясы болды. Энциклопедияның арнайы редакторы болып тағайындалып, оның жарық көруіне ат салысты. Осы фундаментальды еңбекте Нәукеңнің 10 жыл төңірегінде жазылған жүзге жуық мақаласы жарық көрді.

Қазақ ұлттық университеті Ақбай Наурызбайдың отбасында әрқашан да үлкен орын алып отырған. Жұбайы Атырауова Алла Бейсембековна 1962 жылдан бастап ҚазҰУ-дың кітапханасында жұмыс істеп, 1980-90 жылдар арасында университет кітапханасының директоры ретінде оны ғылыми дәрежеге жеткізіп, осы қызметте «Қазақ КСР-ы Жоғары мектеп үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Ақбай Наурызбайдың үш қызы ҚазҰУ түлегі, бәрі де ғалымдар, атап айтқанда Дина – ҚазҰУ-дың ұстазы, химия ғылымдарының докторы, Лейла мен Акмарал – философия ғылымының кандидаттары. Ақбаевтар отбасы 2009 жылы «Дәуір» баспасында жарық көрген «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» жинағының 18 томына толығымен кірген.

Ақбай Ерсарыұлы Наурызбайдың 80 жылдық өмірі отбасы үшін де, дос-жарандары үшін де, өнегелі өмір болды деп айтуға болады. Сағына жүріп, қамыға жүріп, оның көзден таса болған бір жылын де өткізіппіз, алайда әке бейнесі, жан-дүниесі шамшырақ болып, өмір жолымызға сәулесін әрқашан да түсіреді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектері:
Дина АҚБАЕВА,
химия ғылымдарының докторы, доцент,
Лейла АҚБАЕВА,

ҚР Жастар одағы сыйлығының лауреаты,
философия ғылымдарының кандидаты, доцент

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУ

Жаңа оқу жылының алғашқы күндерінің бірінде факультетімізге шетелдік қонақ келді. Ол, - Ыстамбұл Университетінің профессоры, филология факультеті Қазіргі түркі тілдері кафедрасының меңгерушісі - Мехмет Өлмес. Қонақ профессор өзінің ғылыми іссапарын ҚХР Ішкі Моңғолиядан бастап, Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы мен Қырғызстанның Шолпон-Ата мен Ыстық Көл өңірлерінде жалғастырған екен. Жолшыбай Бішкектен Алматыға бірнеше күнге аялдап Қазақстан Орталық Мұражайында болып сирек кездесетін қолжазбалар мен Есік Қорғанынан табылған Алтын Адамға байланысты деректермен танысқан.

Осындай тығыз бағдарламамен жүрген ғалымды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының оқытушы-профессорлық құрамы мен студент-магистранттары қарсы алды. Рунолог, алтаист, түркітанушы ғалым кафедралық келе сала руникалық ескерткіштерді зерттеуде кездесетін кейбір мәселелер атты ғылыми семинарын өткізді. Бейнетаспаларын реттеп, тасқа қашап жазылған таңбаларды қалайша сұрыптап-талдайтұғына тоқталып өткеннен кейін, ала келген бірнеше кітаптың мазмұны мен зерттеу аясына шолу жасады. Ол қазақ даласындағы балбалтастардың тарихын Көне түркі руникалық жазба ескерткіштерімен бір арна мен бір сарында зерттеп саралаудың өзектілігі мен қажеттілігіне тоқталып өтті. Қарқаралы, Баянауыл жерлерімен қоса Шет, Ұлытау өңірлерінде, сондай-ақ Алтай, Тарбағатай, Қалбатау жерлерінде, Маңғыстау мен Ақмола өңірлерінде кездесетін балбалтастармен мұқият танысып жатқандығын, реті мен іні келгенде осы аумақтарға ат басын тіреп, зерттеу жұмыстарын жүргізбек ойы бар екендігін білдірді. Ғалымның пікірінше қазақ жерінде кездесетін балбалтастар Еуразия аумағына таралып Қырғызстан, Өзбекстан, тіпті Қап таулары етектері мен Шығыс Еуропа елдеріне дейін жеткен. Солардың барлығын реттеп, жүйелеп жатқан қазақ зерттеушілерінің еңбектеріне қашанда мән беріп, қадағалап отыратындығын, әсіресе Әлкей Марғұлан, Ғ.Айдаров, М.Томанов, Қаржаубай Сартқожа сынды ғалымдардың зерттеулерінде пайдалы да тыңғылықты деректердің мол екендігін тілге тиек етті. Мысалы Есік Қорғанынан табылған Алтын Адам төңірегіндегі зерттеулер мен Шығыс Қазақстанның Берел қорымынан табылған құнды жәдігерлер әлемдік дәрежедегі археологиялық ескерткіш екендігіне ешқандай күмән жоқ екендігін, бұлардың қазақ елімен қоса әлемдегі барлық түркі жұрттарына ортақ, баға жетпес рухани мұра екендігін атап өтті. Ғалымның пікірінше қазақтың ұшы-қиырсыз даласында, сай-саласы мен таулы шатқалдарында желгі дәуірден сақталған балбалдар жетерлік. Осы баға жетпес құнды

ескерткіштердің сырын ашып, тарихын таңбалап таңбасын оқып-зерделеу қазіргі уақыттың аса маңызды іс-шараларының бірі ретінде танылуы керек. Аталмыш зерттеулер Қазақстан мен Түркия ғалымдарының өзара пікір алмасып, оның ішінде осындай Халықаралық ғылыми семинарлар аясында да қолға алынуы қашанда құптарлық іс. Ал Көне түркі жазба ескерткіштері мен қазақ жеріндегі балбалтастар зерттеулері Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтің «Рухани Жаңғыру» Бағдарламасы мен «Сакральды Қазақстан» Жобасы аясында үндестік тауып жатқандығы өз алдына жауапты да ауқымды жұмыс екендігін, мұндай жобаның түркі елдерінің ішінде Қазақстанда ғана мемлекеттік қолдауға ие болып, ұлттық деңгейде қолға алынып жатқандығын ризашылықпен қабылдайтындығын білдірді.

Бірнеше сағатқа созылған семинар қатысушылар тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болып, соңынан сұрақтарға жауап беру мен еркін әңгімелесуге ұласты. Слайт, кітап, карта сияқты көрнекі құралдармен қоса тікелей интернет желісіне қосылып тиісті материалдарды пайдаланған профессор, қатысушыларға қызықты да тың ақпар бере алды.

Семинар соңында факультет деканы, PhD доктор Ыктияр Паттөре мырза бүкіл факультет ұжымы атынан ілтипат білдіріп Мехмет Өлмес мырзаға «Алғыс Хат» табыс етті. Семинар соны Түрксой кафедрасы студенттері ұйымдастырған шағын концерттік бағдарламамен аяқталды.

Қонақ профессор сондай –ақ «Тұран-Иран» орталығының директоры, филология ғылымының докторы, профессор Ислам Жеменей мырзамен де кездесіп сұхбаттасты. Әңгіме барысында қазіргі таңдағы түркітану ғылымының жалпы бағыт-бағдары мен келелі мәселелері сөз болып, түркітану саласының ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдағы іс-шара аясы талқыланды.

Ергали ЕСБОСЫНОВ,
Түрксой кафедрасының доценті

ПОРТФЕЛИ ДЛЯ ПЕРВОКЛАСНИКОВ



Для родителей 1 сентября – это не только праздник, радостное волнение, но и большие хлопоты, чтобы собрать ребенка в школу. В прошлом году Профсоюз «Парасат» работников КазНУ им. аль-Фараби при поддержке администрации вуза в первый раз выдал школьникам младших классов канцелярские товары. Это стало хорошей социальной помощью для родителей, инициатива имела большой резонанс. Поэтому профком и руководство университета решили не останавливаться на достигнутом, и расширить ассортимент школьных принадлежностей - купить нашим дошкольникам не только тетрадки и ручки, но и красивые ранцы. 211 будущих первоклассников получили портфели, тетради, ручки, карандаши, пеналы, краски и фломастеры. Вручая ранцы, представители Профсоюза «Парасат» отметили, что школьные принадлежности приобретены с теплотой и надеждой, поэтому все надеются, что в портфелях «поселятся» отличные отметки.

Зал заседаний ректората, где проводится этот праздник, был полон. Его заполнили будущие школьники в сопровождении родителей, младших братьев и сестренки, поскольку это памятное для детей событие. Вручение прошло в торжественной обстановке, дети пели песни и читали стихи, родители благодарили профком за заботу. Ернарұлы Ербатыр исполнил песню «Ұстазым», а Жұмағазы Елай и Тынысбек Бекарыс рассказали стихи о школе. Кем они хотят стать, когда вырастут, многие из будущих первоклассников уже решили, например, юристами, учителями, спортсменами. Но почти все сказали, что после школы будут поступать в КазНУ, лучший вуз, в котором работают их мамы и папы.

Радостных открытий и больших успехов в освоении школьных наук ребятам пожелали мамы – работники библиотеки Шыганбаева Жұлдыз Аскербековна. Сламхат Жазира и Ктапиянова Жанар Қойшыбаевна. «Как только вы переступите порог школы, перед вами откроется новый мир. Учитесь с удовольствием!» - попутствовали они детей.

Ребята сразу надели яркие портфели и с гордостью фотографировались. А кто-то не мог не открыть «профсоюзный» подарок и заглянул внутрь. Альбомы с изображением любимых героев, яркие карандаши, краски и фломастеры, обложки, ластики и линейки – принадлежности для учёбы отправятся с мальчиками и девочками в первый в их жизни класс.

Председатель профсоюза «Парасат» работников КазНУ им. аль-Фараби Т.К. Мекебаев считает, что акция «Собери портфель первокласснику» поможет многим семьям наших работников подготовить детей к школе. Он отметил, что торжественное вручение портфелей будущим первоклассникам, чьи родители трудятся в университете, должно стать неотъемлемой частью корпоративной культуры.

Ольга ЛОЖНИКОВА,
зам. председателя профсоюза «Парасат»
работников КазНУ им. аль-Фараби

Завершены учебные сборы со студентами военной кафедры КазНУ имени аль-Фараби.

Учебные сборы со студентами военной кафедры Казахского национального университета, прошедшие в период с 23 июля по 25 августа 2018 года, были насыщены не только плановыми полевыми занятиями, но и целым рядом мероприятий, способствовавших более глубокому усвоению учебных программ и воспитанию будущих защитников Отечества. В ходе сборов студентами выполнены упражнения учебных стрельб из стрелкового оружия, на учебных тренажерах отработывались навыки вождения боевых машин. Студенты, обучающиеся по программе подготовки офицеров запаса для войск ПВО Сухопутных войск, в составе сводных расчетов выполнили боевые стрельбы из зенитной установки ЗУ-23-2. Со студентами, обучающимися по программам подготовки офицеров запаса воспитательных структур, проводились практические занятия в Центре психического здоровья города Алматы, в филиале Национального центра военно-патриотического воспитания, на телефотостудии факультета журналистики и издательстве КазНУ имени аль-Фараби.

А 25 августа 2018 года проведена торжественная церемония принятия военной присяги курсантами. 699 студентов, из них 72 девушки, в торжественной обстановке, в



присутствии родных и близких, руководства университета, ветеранов Вооруженных Сил Республики Казахстан присягнули на верность Родине и Президенту Верховному Главнокомандующему - Вооруженными Силами Республики Казахстан Н.А. Назарбаеву.

Открывая церемонию принятия военной присяги, начальник военной кафедры КазНУ

имени аль-Фараби полковник Олег Ажимов отметил значимость священных слов военной присяги, подвел итоги учебных сборов, всего периода обучения на военной кафедре курсантами выпуска 2018 года, а также кратко рассказал о большой, планомерной работе - проводимой военной кафедрой по воспитанию не только студентов, обучающихся на кафедре,

но и студентов Вузов и школьников города Алматы. Полковник Олег Ажимов подчеркнул, что второй раз в истории университета и военной кафедры воинскую присягу приняли студентки-девушки, успешно освоившие программу подготовки офицеров запаса.

На праздничном митинге с приветствием к курсантам выступили первый проректор КазНУ имени аль-Фараби академик Мухамбеткали Буркитбаев, ректор Евразийской юридической академии имени Д. Кунаева Жалаири Омрали, член Ассамблеи народа Казахстана, ветеран Вооруженных Сил, полковник в отставке Казбек Мамсуров, член общественного Совета города Алматы Александр Белянов, почетный депутат Маслихата города Алматы, известный казахстанский байкер Дмитрий Первухин и отличник учебы, мастер спорта по дзюдо курсант Ильяс Ерланулы.

В ходе праздничного митинга курсантами военной кафедры КазНУ имени аль-Фараби были продемонстрированы строевые приемы с оружием, рукопашного боя, исполнение строевой песни. Украсением мероприятия стал курсантский вальс, в котором приняли участие выпускники военной кафедры.

Проведенное мероприятие явилось праздником не только для курсантов, принявших присягу, но и для всего большого коллектива Казахского национального университета имени аль-Фараби.

ВОЕННАЯ КАФЕДРА

ПРИСЯГА

«ДОМБЫРА, СЕНДЕ МІН БАР МА?»

Домбыраның шығу тарихы жөнінде халық ауызында қалған бірнеше аңыз бар. Жаумен күрестен, ұзақ сапардан шаршап келе жатқан батыр жолда кездескен ауылға тоқтап, демалмақшы болады. Жар жағасындағы көлеңкеге отырған батыр ағаштың бір бөлігін кесіп алып, оған аттың қылын тартыпты. Өзі жасаған аспаптан дыбыс шығармақшы болады, бірақ аспап дыбыс бермейді. Оны батыр қасына қояды да, ұйықтап қалады. Бір кезде оянаса, аспаптан дыбыс шығады. Қолына алғанда, домбыраның басына, шектің астына салынған ағаш көрпелі керемі де, мұны шайтанның ісі деп шешеді. Содан бері халық арасында бұл «Шайтан тиек» деп деп шешеді. Ат қылынан тартылған ішекті, тиексіз аспаптар ерте кезде қолданылған.

Қасиетті домбыраның құрылысы бірнеше бөліктен тұрады: басы, құлақтары, пернелер, мойын, шапақ, бетқақпақ, ілгек және ішектер. Сондай-ақ оның көптеген қосымша бөліктері бар: тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, түйме. Домбыра тиегі үш түрлі болады: шайтан тиек, негізгі тиек, табалдырық тиек. Домбыра дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жаңғырту қасиеті бар тұт, қатты жынысты үйенкі, емен сияқты кәделі ағаштардан жасалады. Екі түрлі әдіспен ойылып және шауып жасалу үлгілері бар. Құрама домбыраның шанағы жұқа тілшілерден жасалса, бітеу домбыра тұтас ағаштан ойылады. Домбыра аспабы халықтың кәсіби өнерінің туып қалыптасуына, өркендеуіне негіз болған.

Ақындар, жазушылар, қазақтың қайреткер ұлдары домбыра туралы өсиет сөздерін көптеп қалдырған.

І.Жансүгіров:

— Домбыра, сенде мін бар ма?

Мінсіз болсаң — тілің бар ма?

Тіл жоқ деуге бола ма,

Тілден анық үн барда.

Домбыраның күші мол,

Көмейінде күйі бар,— деп жырлаған екен.

— Домбыра, жүрегімізден үндес едің,

Сенімен сырласымдай тілдесемін.

Бабамаң қалған мұрамаң, сен болмасаң,

Өнердің не екенін білмес едім,— дейді М. Мақатаев.

Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, Кеңес Одағының батыры, әскери қайреткер, жазушы Бауыржан Момышұлы ұрпаққа былай деп өсиет қалдырған екен:

— Домбыра—қазақтың қасиетті дүниесі. Оны тарта



алмасаң да, қадірлей біл. Себебі, баланың бойына халықтың рухани байлығын сіңіру домбырадан басталады. Домбыраның сырлы сазына ауызданбаған бала уызына жарымаған көтерем қозыдай болады. Домбыраны кастерлей білмеген қазақтың баласы туған халқының жанын білмейді. Ал халықтың жанын түсінбеу деген тамыры шабылған ағашпен тең. Ондай ағаш жапырақ жайып, сая да болмайды, жеміс те бермейді.

Домбыраның қазақ елінде алатын орны айрықша екені бәрімізге аян. Үні сынғыр қакқан күйі қай адамды болмасын тебіренетірі анық. Домбыраны серік етіп, шетелдердегі қандастарымызды күй өнерімен сусындатып, ұлттық өнерімізді насихаттап жүрген жастар қаншама!

Ата-бабамыздан қалған күйшілік өнер мен қалдырған күйлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге ат салысуға биылғы жылы Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев елімізде «Ұлттық домбыра» күні енгізілгенін жариялаған болатын. Қазақ халқының жан серігі, рухани азығы болып келген киелі домбыраны биыл бүкіл ел болып тойлағанға не жетсін?! Ұлттық кодымызды қайта жаңғыртуға бағытталған мерекенің әр қазақ баласына берері мол екені айтпаса да белгілі. Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанғап, Дина, Сүгір сынды бабаларымыздан мирас болып қалған күй өнерін де жандандыруға бұл мереке сеп болды. Ендеше, әрбір шаңырақтың төрінде домбыра ілулі тұрсын және күмбірлеген күйі, сынғырлаған сазы естілсін!

Алмабек ЕРБОЛАТҰЛЫ,
журналистика факультетінің
2-курс студенті

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Қазіргі заманда жастар тек Қазақстанда ғана емес, шетелдерде де білім алуға құштар. Студенттер басқа мемлекеттің білім беру жүйесіне қарап, өзіміздікімен салыстырып, зерделеп, керек жерімізді түзетуге әрдайым дайын. Менің ойымша, бұл – дұрыс. Себебі тек өз ішімізде ғана біліммен шектелмей, басқа өзге елдермен де алмасуымыз керек. Сонда ғана еліміз өсіп, өркендеп, дамитын болады.



Шетелдіктердің жақсы қасиеттерін үйреніп, жаман қасиеттерінен жиреніп келген студенттер, өз кемшілігімізді түзеуді өзімізден бастау керек екенін жақсы түсінеді. Олардың да бізден көп нәрсе үйренері сөзсіз. Бүгінгі таңда мыңдаған қазақ студенттері әлемнің түкпір-түкпірінде оқып жатыр. Мен де өзімнің білімді дамыту мақсатында Түркияның Анкара қаласында орналасқан Хаджеттепе университетінде 5 ай білім алып қайттым. Ол жерде мен Әдебиет факультетінде оқыдым. Бұл мүмкіндікті ұсынған кара шаңырағым, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне алғысымды білдіремін.

Мен ҚазҰУ-дың Шығыстану факультеті, Шетел филологиясы, түрік тілі мамандығының студентімін. Енді университеттегі соңғы оқу жылым басталып отыр. Алдыңғы оқу маусымында Анкараға бару мүмкіндігін алдым. Университетіміздің білім жүйесінде көптеген шетелде оқуға арналған бағдарламалар бар. Солардың бірі - «Erasmus+» бағдарламасы. Осы бағдарлама бойынша Хаджеттепе университетінде тегін білім алдым. Кафедрамыздың білікті ұстазы, «Erasmus+» бағдарламасының кафедрадағы координаторы Шадкам Зұбайда ханымның қолдауымен осы Хаджеттепе университетіне өз құжаттарымды жіберіп, қабылдандым. Әрине, онда бару үшін білім деңгейің жоғары болу керек. Университет жүйесінде білім деңгейімізді GPA бойынша қарастырады. Сол кезде басқа студенттерден менің орташа балым жоғары болып, осы грантты ұтып алдым.

Шетелдің аты — шетел. Өз мемлекетіндегі болмайды. Бірақ та білім қуып барған соң, барлық қиыншылық болсын, басқа да бір келіспеушіліктер болсын шыдауға тура келеді. Алдымен сіздерге оқу жүйесі туралы айтайын. Мен оқыған Хаджеттепе Университеті Түркиядағы алдыңғы қатардағы университеттердің бірі болып саналады. Оқытушылардың құрамы да іріктеліп алынғаны көрініп тұр. Студенттер өз араларында Хаджеттепе университетін АҚШ-тағы Гарвард университетіне теңейді. Олай тенеулері де жөнді. Себебі Гарвард ескі, әрі білім-ғылымдағы деңгейі бойынша жоғары университеттердің қатарында. Хаджеттепе университеті де ғимараттарының ескі болуымен және оның сақталуымен ерекшеленеді. Хаджеттепе университеті оқытушылары жоғары білімді, тәжірибелі екендері байқалады. Дәрісті түсіндіру әдістері де біздікінен өзгеше. Оқытушы дәрісханаға келіп, дайындап келген



материалдарын студенттермен бөліседі. Алайда қатып қалған ережелері де жоқ. Оқытушылардың киім кию стилдері де еркін. Әркім өз талғамына қарай киініп, өз қалағандарынша сабақ түсіндіреді. Ең бастысы - студенттердің сабақты түсінуі. Емтихан кезінде студенттерден дәрісте айтылған материалдар ғана сұралады. Бұл білім беру жүйесі маған қатты ұнады. Кейбір оқытушылар емтихан өткізбейді. Сабақтың түріне қарай сұрақтар қою арқылы студенттерді бағалайды. Мысалы, мен «Іскери қарым-қатынас және Түрік тілі» деген сабақты оқыдым. Оқытушы Түркия еліне белгілі Джүнейт Гундоуду деген теледидар спикері болды. Өте қарапайым, сабақты өмірдегі жағдайлармен байланыстырып түсіндіруі, өзін-өзі ұстауы тек маған ғана емес, басқа да студенттерге жақсы әсер етті. Осы сабақтан біз емтиханды ауызша тапсырдық. Себебі іскери қарым-қатынаста өз-өзімізді ұстауымыз, сөйлеуіміз өте маңызды. Сол үшін де оқытушымыз бізге әрдайым үлгі бола білді деп ойлаймын.

Университет өмірі өте қарқынды дамып жатыр. Студенттік ұйымдар, студенттердің театры, кампус өмірі өте қызықты. Көгалда жатып, сабаққа дайындалатын түрік достарымды көргенде қатты қуанамын. Олардың енбеккерлығы, білімге деген құштарлығы әр адамды таңқалдырады анық. Кампустағы кітапхана демалысыз 24 сағат бойы жұмыс жасайды. Студенттердің сабақ оқуына таптырмас мүмкіндік деп білемін. Осындай мүмкіндік біздің кара шаңырақта да болса, студенттердің көбі жазғы оқуға қалмас еді деп ойлаймын.

Түркияда студенттерге жағдай жасалынған. Университет ішінде болсын, басқа жерде болсын өте жақсы мүмкіндер бар. Мысалы, кампус ішіндегі асханада тамақтану құны өте төмен. Сонымен қатар, кітап дүкендерінде студенттерге әрдайым жеңілдіктер жасайды. Бұл да оқимын деген баланың бетін қайтармайтындай мүмкіндік.

Анкара қаласында 5 ай тұрып, сол жердің халқымен, мәдениетімен жақсылап таныстым. Түріктер біздерге қатты ұқсайды. Әрине, шыққан тегіміз бір болған соң ұқсастықтар да болады. Айырмашылығымыз олардың Европаға жақын орналасып, Европа мәдениетін қабылдай бастағаны шығар деп ойлаймын. Түрік халқы көмектесуден ешқашан бастарпады. Анкарада бір жерді таба алмай немесе басқа бір көмек керек болып, көшедегі түріктен көмек сұрағанда, біздің шетелдік екенімізді көріп, алдымен жөн сұрасатын. Одан кейін көмек қолын созады. Маған ұнаған қырлары да осы. Туристті көрсесе де, біз сияқты студенттерді көрсесе де жатсынбай, көмектесуге дайын тұратын жандар.

Түріктер Осман империясы кезінен бері келе жатқан мұраларды көзіңіз қарашығындай сақтайды. Тарихын біліп, өзінен кейінгі ұрпақтарына үйретуден де шаршамайды. Түрік асханасы да, өте бай асханалардың бірі. Өздерінің ұлттық тағамдарын шетелдіктерге танытып, дәм татқызудан ешқашан бас тартқан емес. Әр адамға қалай қызмет көрсету керек екенін жақсы біледі. Сонымен де түрік халқы өте қонақжай халықтардың бірі болып саналады.

Менің Түркиядағы 5 айлық оқу тәжірибемнен үйренгенім, оқығаным, көп болды. Бір кісіге жетерлік, тәлім мектебі дерсіз?! Осындай мүмкіндікті ұсынған ҚазҰУ-ыма ризашылығымды жеткізгім келеді. Өз еңбегімен оқып жүрген студенттерді бағалап, одан сайын оқуға құштарлығын арттыра білетін оқытушы Шадкам Зұбайда ханымға да алғысым шексіз. «Erasmus+» бағдарламасын қолданып, өзіме өмірлік азық болатын сапарға барғаным үшін бақыттымын.

Жанна ЖАРМҰХАНОВА,

Түркской кафедрасының 4-курс студенті
Алматы-Анкара-Алматы



ҚазҰУ-да «Аса жоғары энергиялы бөлшектердің физикасы және астрофизикасындағы негізі мәселелері» атты V халықаралық жас физик ғалымдардың кезекті жазғы мектебі басталды

ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ ЕЛ НАМЫСЫН АСҚАҚТАТТЫ

Биыл еліміз жетінші рет Азия ойындарына қатысты. Индонезияның Джакарта және Палембанг қалаларында өткен жарыста қазақ спортшылары 15 алтын, 17 күміс 4 қола медаль еншілеп, жалпы есепте 9-шы орынға жайғасты.



қол жеткізді. Оңтүстік Кореялық Рю Хан Сумен 67 келі салмақта белдескен Алматы Кебісбаев та күміске қол жеткізді.

Ал Рио-2016 олимпиадасының чемпионы Дмитрий Баландин 100 метрге брасс әдісімен жүзде қола жүлдегері атанды. ҚР Ұлттық Олимпиада комитетінің мәліметінше, Д.Баландин 59.39. көрсеткішпен Жапон және Қытай спортшыларын алға жіберген.

Естеріңізге салар болсақ, Баландин Кванджу қаласында өткен жазғы Бүкіләлемдік Универсиадада 100 метрге, Рио-де-Жанейро қаласында 200 метрге браспен жүзу әдісі бойынша жеңімпаз атанып, тек Азия емес, бүкіл әлемнің мықты жүзгіштерінің бірі екендігін дәлелдеген болатын. Осылайша Азия ойындарында ҚазҰУ студенттері әлем назарында ел намысын қорғап, жеңімпаздар өз аймақтарының абыройын асқаттатты.

Ағымдағы жылдың 18 тамызы мен 2 қыркүйек аралығында өткен дүбірлі додаға ҚазҰУ студенттері де белсенді қатысып, ел қоржынын жүлделермен толықтырды. Атап айтсақ, Тамара Почекутова мен Айбике Хабибуллина семсерлесуден жартылай финалда Қытай құрамасына жол берді. Семсерлесу спортының ережесі бойынша, жартылай финалда жеңіліс тапқан команда автоматты түрде қола жүлдеге иелік етеді. Осылайша, Азия чемпионатынан жүлделі оралған семсерлесуші қыздар Азия ойындарында да үздіктер қатарына енді.

Әйелдер күресінен Эльмира Сыздықова Оңтүстік Кореядан келген қарсыласын жеңіп, 76 келіге дейін салмақта қола медаль жеңіп алса, грек-рим күресінен Азия ойындарының екі дүркін чемпионы, 130 келі салмақ дәрежесінде белдескен Нұрмахан Тінәлиев күміс медальға



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактордың міндетін атқарушы: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА**
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана Тапсырыс: №1233

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.